



**Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 12 сәуір N 434. Күші жойылды - ҚРҮ-нің 1996.12.27. N 1640 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісілген Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігі орталық аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес осы аппараттың қызметкерлері шекті санының негізінде 150 адам болып бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігіне министрдің 3 орынбасары, оның ішінде министрдің бірінші орынбасары, сондай-ақ 13 адамнан тұратын алқасы болуына рұқсат етілсін. <\*>

3. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігі

орталық аппараты үшін 4 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

<\*>

ЕСКЕРТУ. 2 және 3-тармақтарға өзгерістер енгізілді - ҚРҮ-нің 1996.10.24. N 1293 қаулысымен.

4. "Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 19 желтоқсандағы N 1809 Р951809\_

қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 12 сәуірдегі

№ 434 қаулысына  
қосымша

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда  
министрлігі орталық аппаратының  
ҚҰРЫЛЫМЫ

Кен-металлургия кешені бас басқармасы

Химия өндірістері және халық тұтынатын тауарлар бас басқармасы

Машина жасау және жұмылдыру дайындығы  
бас басқармасы

Өнеркәсіп саясаты және экспортты дамыту  
бас басқармасы

Сыртқы және ішкі сауда саясаты бас басқармасы

Кадр және аппараттың жұмысын ұйымдастыру  
бас басқармасы

Экономика және нарық қатынастары басқармасы

Сыртқы экономикалық қызметті реттеу басқармасы